

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1640 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 2 наурыздағы N 161

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1640 Р971640_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

үшінші тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне төрт вице-министр, оның ішінде бір бірінші, сондай-ақ он жеті адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін.";

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1640 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережеде:

49-тармақтың алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Штат кестесі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қызметкерлер саны мен еңбекақы төлеу қоры шегінде бекітіледі".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі